

үшінші көтеретін күрделі мәселесі - еңбек процесі болды. Оның әңгімелері бірінен-бірі қайталанбайды, әрқайсының өзіндік қызықты да тәрбиелік күшті жақтары бар.

Келесі көтерген төртінші мәселесі балаларды ұқыптылыққа, мейірімділікке, әділдікке, әдептілікке, үйрету жақтары болады. Осы идеяның бәрі де баланы оқыту, үйрету, тәрбиелеу үдерісі арқылы ғана іске асатынын тұңғыш педагог дұрыс шешкен.

«Мейірімді бала» деген әңгімесінде де адамгершілік қасиеттің ең жоғарғы сапасы суреттелген. Ыбырай атамның көтерген бесінші мәселесі-достық, жолдастық, қарым-қатынас жайлары болды. Парасатты жақсы адам әрқашан барлық жағынан да кіршіксіз таза, ізгі ниетті болуға тиісті дегенді қолдайды.

Себебі, қазақ кесек мінезді, берік дінді ұлтпыз, бәсекелік қабілеті зор, прагматикпіз. Бұл орайда Елбасымыз Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру жолдауында «қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» екендігін атап көрсетті. Солардың ішіндегі ең құндысы - ұлт тілі. Қазақ тілі - Ыбырайдың ықыласпен оқитын шығармалары, Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні. Бұлар біздің рухани кодымыз. Мерейіміз тасып, мәртебеміз өсіп тұрған сәтте де жадымыздан шығармайтын нәрсе – рухани құндылық. Арда болмысымызды сақтау; сақтай отырып жаңғырту - басты міндетіміз болуы шарт. Замана сынынан сүрінбей өтіп, озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білуіміз қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани- тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сондықтан «Нұрлы жолда» нық қадам жасау үшін Ыбырай атамның арманын асқақтатып, оның шығармаларын зерделей оқып, оқығанымызды ықыласпен тоқи білуіміз керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2050» стратегиясы
2. Мақтым Шәбжантайқызы Көкшетау- 2003
3. Egemen.kz сайты.
4. Қостанай таңы газеті 2017 ж.
5. Меңдіқара үні газеті 2017 ж.
6. Меңдіқара үні газеті 2018 ж.

### **БОЛАШАҚ МАМАН ДАЯРЛАУДА ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ МЕН ОРНЫ**

Италмасов Айтжан Курымғалиулы  
А.Байтұрсынов атындағы  
ҚМУ, 1 к магистранты  
Утегенова Бибікүл Мазанқызы,  
пед.ғыл.кандидаты, доцент,  
ҚМПИ

#### **Аннотация**

*Мақалада жоғары оқу орындарында, диалогтік оқытудың маңыздылығына тоқталу және практикада диалогті оқытудың тиімді пайдалану жолдары көзделеді.*

#### **Аннотация**

*В статье рассматриваются вопросы практики эффективного преподавания в высших учебных заведениях через использование технологии диалогового обучения.*

#### **Abstract**

*In the article, in universities, in the practice of teaching and learning Dialogic ways of effective use, it is envisaged to focus on the importance of dialogue.*

**Түйінді сөздер:** диалог, диалогтік оқыту, коммуникация

**Ключевые слова:** диалог, диалоговое обучение, коммуникация

*Key words: dialogic. importance of dialogue.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы, 14 желтоқсан) «Қазақстан-2050» жолдауы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа ұсынған жолдауында «Білім және кәсіби машық - заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті. [1] Сондықтан да ұстаздарды серпілістер мен жаңарулардың қарсаңындағы басты тұлға дей аламыз. Ендеше жүктеліп отырған аса жауапты міндет, білім саласындағы реформалар, педагогикалық әдіс – тәсілдердің тың, мәнді, әрі сапалы болуын талап етіп отырған осы бір айтулы кезеңде, мұғалімдер жылдар бойы жинақтаған іс – тәжірибесін жаңа технологияларға ұштастыруы қажеттігі туындайды.

Қазіргі кәсіби білім беру жүйесінде негізгі базалық ілімдердің бірі студент жастардың сөйлеу, коммуникацияға түсу дағдылар қорының аздығы болып отыр. Әрине, оған себептерде жетіп артылады.

Қазіргі жастардың басым көпшілігі бірі – бірімен тілдік қарым қатынаста аз болуы себептерінде бар. Негізгі өзекті мәселе, ғарыштап дамып жатқан ғаламтор желісі жастарымыздың ой – өрісіне кері әсерін тигізіп қана қоймай олардың тілдік қорына да кері әсерін тигізуде. Осы тұста тілдік қоры азайған жастардың диалог әдісін қолданау өте тиімді, негізге алған білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алары сөзсіз.

Бірінші кезекте студенттер диалогтік оқытуда, сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға, қалыптастыруға мүмкіндік алады. Өзара талқылау арқылы түрлі ойлар қалыптасады және сұхбаттасу арқылы да өз ойларын дәлелдеуге тырысары сөзсіз. Диалогтік тәсіл студенттердің ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектеседі.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қазақстан Республикасы әдістемелік нұсқауларында бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесінде Н.Мерсер мен Б. Литтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта студенттердің қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне ықпал ететінін атап көрсетті. [2] Л.С.Выготский жастардың когнитивті даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни анағұрлым қабілетті жастармен араласу, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы студенттердің ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын тәлімгер ретінде суреттейді. [3] Сонымен қатар Ресейлік ғалым психологі өз зерттеуінде, когнитивті дамудың, студенттер өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істесе Л.С.Выготский (1997) кітапбы жақсаратындығын атап көрсеткен.

Диалог барысында студент нәтижеге жету үшін күш жұмсайды және білімді бола алады.

Диалогтік оқыту туралы ғалымдардың сілтеме жасасақ бірлесіп алуда және «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу студенттермен диалог құру арқылы жүзеге асады.

Мақалада алға тартып отырған мәселе: болашақ маман даярлауда диалогтік оқытудың рөлі мен орнын анықтау болғандықтан диалогтік оқытудың маңыздылығы көзделеді. Мысалы, жоғарғы оқу орнында кейбір студенттердің сабаққа ынтасы жақсы, алайда тілдік орта болмағандықтан тілдік кедергілер сабақ сайын кездесіп отырады. Студенттер көбіне мәтінді түсіну үшін көп жағдайда сөздікпен жұмыстанады да, бір-бірімен диалогқа түсе бермейді. Нәтижесінде, сабақты жақсы оқитын студенттер ғана сұрақтарға жауап беріп, тақырыпқа қатысты өз пікірлерін білдіруге тырысады.

Студенттердің басым бөлігінің ойынша белгілі бір тақырыпқа байланысты берілген мәтінді оқып, мағынасын түсінсем болды,- деген пікір қалыптасқан.

Сонымен қатар сұрақтар қойған кезде де, көбінесе «жабық сұрақтарды» қолданады да, тақырыпқа қатысты ешқандай ой өрбімейді, пікір алыспайды.

Алайда баланың өз ана тілін үйренуде, жеткілікті дәрежеде меңгеруі үшін бұл жұмыстар жеткіліксіз. Тіл үйретуде ең басты міндет – студенттердің сөйлеу тілін жетілдіру. Сондықтан, жоғары оқу орнындағы тәжірибе кезінде іс-әрекеттегі зерттеу диалогтік оқыту негізі айқындалады.

Н.Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу студенттердің оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі көрсетті: олар әңгіме-дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме. Әр қайсына жекелей тоқтала кетейік.

*Әңгіме-дебат* - ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалатын әңгіме түрі.

*Топтық әңгіме*-айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беретін; білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайтын; идея қайталанатын, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейтін әңгіме түрі.

*Зерттеушілік әңгіме*-әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынатын; әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізілетін; қатысушылар сұрақ қойып және айтқандарын дәлелдейтін, топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысатын әңгіме түрі.

Білім алушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізу үшін мұғалімдер қолданылатын сұрақтардың екі түрі: *«төмен дәрежелі» және «жоғары дәрежелі»* сұрақтар кең қолданылады деген пікір бар.

Жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, өзіндік көзқарастарын білдіріп, бағалауға және талдауға тиіс болады. Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана танымдық сұрақ сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың ізденуіне қолдау көрсетіп, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін жақсартады және білім, ақпарат алу көкжиектерін кеңейте түседі. Қойылған сұрақтар баланың санасына қойылатын талаптар тұрғысынан ойластырылса нұр үстіне нұр болады. Жоғары дәрежелі сұрақтар балалардан ақпаратты белгілі дәрежеде қолдануды, қайта ұйымдастыруды, дамытуды, бағалауды, талдауды, яғни, ойлау операцияларына дайын болуды талап ететін сұрақтар. Ашық сұрақтарды көбірек пайдалану оқушыларға әлдеқайда жоғарырақ деңгейде ойлануға көмектеседі.

Диалогтік оқытудың артықшылықтары:

- барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысады;
- барлық оқушылар өздерін еркін сезінеді;
- олар бір нәрсені қате айтамыз деген қорқыныштан арылады;
- жауапты бірлесіп іздейді, жолдастық көмек, бір- біріне деген жауапкершілік сезімі пайда болады;
- сабақ оқушы үшін, мұғалім үшін де пайдалы болады;
- ең бастысы олар бір- біріне қатты әсер етеді, бір-бірінен үйренеді және бірін-бірі үйретеді.

Н. Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдыққа ие болады. Зерттеушілік әңгіме кезінде студенттер ортақ мәселені шешуде топ болып жұмыс істейді, әркім өз идеясын айтады, басқаның идесына өз ойын білдереді, баға береді,бірге ойланады, ұжымдық білім мен пікір қалыптасады. Д. Барнс (1976) пен

Н.Мерсердің (2000) айтуынша, зерттеушілік әңгіме – мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі[2].

Диалогта сұрақ қою да маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де студенттердің оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар болады кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды.

Тағы бір ерекшелігі, диалогтік оқыту жайында нақты және толық ғылыми зерттеулер көп емес. Тіл мамандары осы тақырыпты зерттеген. Педагогика саласында диалогтік оқытуды инновациялық технология ретінде қарастыруда Кембридж бағдарламасы мен Назарбаев Зияткерлік мектеп мұғалімдердің біліктілігін арттыруда жеті модульдік бағдарламасына кездеседі.

Мысалы:Д.Барнс (1976) пен Н.Мерсер (1997) зерттеушілік әңгіме – мұғалімнің студенттерді әңгімеге тарту кезінде өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің бір түрі, - деп көрсеткен. М.В.Александр, (2008) диалог түрінде оқыту студенттердің ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Диалог түрінде оқыту М.Бахтин(1981) менН.Мерсер (2005)және Г.Вуд (1998) өз зерттеу жұмыстарында бейнеленген. М.В.Александрдің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ойталқыларда «салауатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, студенттердің дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс жасауларына және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады – деп тұспалдаған. [4]

Студенттерге әртүрлі және кеңейтілген дәрісханаларда жүргізілген диалогтерге қатысу мүмкіндіктері берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер олардың тілді, білімді құру құралы ретінде қолданудың жаңа тәсілдерін тәжірибесінен өткізуіне жол ашады.

Диалогтік оқытуда өзекті мәселердің бірі жоғарыда айтқандай «Жастардың тілдік қорының аздығы» Жалпы диалогтік оқытуда сұрақтар әлемі өте қызықты және маңызды екеніне көз жеткізуге болады. Олай болса, диалог құруға мүмкіндік туғызатын ашық сұрақтар жүйесін қалай құрастыруға болады? Оқытушылар оқытудың диалогтік әдістерін енгізуде қандай стратегияларды пайдаланғаны тиімді?

Осындай сұрақтар төңірегінде жауап іздей отырып, диалогтік оқыту әдістерін анықтай білу, түсіну, практикада қолдана алу, талдай білу, сұрақ қою жүйесін қалыптастыру аса маңызды жұмыс бағыты.

Сұрақтар сабақта әр түрлі мақсаттар үшін пайдаланылуы мүмкін, сұрақтар қоюдың тиімді мақсаттарға бағытталуы, белгілі пәндер аясында сұрақтар қою техникасын дайындау, яғни осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, тапсырма, жаттығу, тренингтер жүргізу арқылы меңгертуге болады. Жоғарғы оқу орнындағы барлық мамандықтардың оқу жоспарына «Диалогтік оқытуды» элективтік пән ретінде ұсынуға болар еді. Себебі, қай сала болмасын, қай тілде болсын диалогтік оқытудың орны ерекше. [5]

Қорыта келе, диалогтік білім беру мен білім алу студенттердің өзара сұхбаттасуы және оқытушы мен студент арасындағы диалогтің студенттің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. Студенттердің қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе алатын, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларды тиімді пайдалана алатын білікті тұлға ретінде қалыптасуын қамтиды.

Болашақта осы диалогтік оқытуды жандандыру барысында, әдіс-тәсілдердің түрлерін қолдана отырып, жоғары нәтижені көрсете алатындығыма толықтай сеніммен қарауымызға болады. Студенттер бойынан да осындай оң нәтижені көре отырып, сыни тұрғыдан ойлана біліп, өздерін жан-жақты тәрбиелей біледі. Тапсырмаларды бірлесе

отырып орындап шешім қабылдап бір-бірін формативті бағалауды үйренді. Диалогтік оқытудың маңыздылығы жоғары деңгейде деп ойлауға негіз бар.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. 2050 – стратегия. //«Егемен Қазақстан» газеті, 2012., 15 желтоқсан. № 828-831. -4 б.
2. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДБҰҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесіндегі материалдар жинағы. –Астана, 2012. -27-29 бб.
3. Выготский Л.С. Избранные сочинения. –М.: Академия, 1972. -358 с.
4. Ибраева Г.А. Диалог арқылы оқыту мәселелері// «Ұстаз»атты ғылыми әдістемелік журнал. – 2013.-№143-144. -8-9 бб.
5. Рукгабер Л.С. Новые подходы в обучении: диалоговое обучение. - Астана, 2013.- 131б.

## **ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВОЙ СФЕРЫ ЛИЧНОСТИ В ЗРЕЛОМ ВОЗРАСТЕ**

Калиниченко Оксана Викторовна  
магистр психологии, ст. преподаватель КГПИ,  
г.Костанай

#### **Аннотация**

*Проблеманы түсіну шындығы және зерттеу кезінде сол немесе өзге де мінез-құлық себептердің мағынасы бірінші жоспарға шығады. Жеке субъектінің құндылық-мағыналық саласындағы адам қылықтарының пайдаланбай жасайтын мүмкін емес себептерін түсіну. Жеке тұлға саласының құндылықтық-мағыналық зерттеуінің соңғы уақытта қызығушылық белсенділігіне қарамастан, психологиялық ғылымда әлі күнге дейін механизмдері және оның қалыптастыру факторлары, дамыту және жұмыс істеуі толық зерттелмеген.*

*Мақалада жетілген жастағы жеке тұлға саласының құндылықтық-мағыналық эмпирикалық зерттеу нәтижелері көрсетілген.*

#### **Аннотация**

*Проблема осмысления реальности и придания смысла происходящему выходит на первый план при исследовании причин того или иного поведения. Невозможно понять причины совершаемых человеком поступков, не обращаясь к ценностно-смысловой сфере личности субъекта. Несмотря на активизацию в последнее время интереса к исследованию ценностно-смысловой сферы личности, в психологической науке до сих пор не в полной мере изучены механизмы и факторы ее формирования, развития и функционирования. В статье отражены результаты эмпирического исследования ценностно-смысловой сферы личности в зрелом возрасте.*

#### **Abstract**

*The problem of understanding reality and giving meaning to what is happening comes to the fore when investigating the causes of a particular behavior. It is impossible to understand the causes of actions performed by man, not referring to the value-semantic sphere of the subject's personality. Despite the recent intensification of interest in the study of the value-semantic sphere of the individual, the mechanisms and factors of its formation, development and functioning have not yet been fully studied in psychological science. The article reflects the results of an empirical study of the value-semantic sphere of the personality in adulthood.*

**Түйінді сөздер:** құндылықтық-мағыналық саласы, жеке тұлға, гендер, гендерлік ұқсастық, есею.

**Ключевые слова:** ценностно-смысловая сфера, личность, гендер, гендерная идентичность, зрелость.

**Keywords:** value-semantic sphere, personality, gender, gender identity, maturity.

Несмотря на большое количество исследований, посвященных изучению ценностно-смысловой сферы личности, отмечается сложность и неоднозначность представлений о ней, как в целом, так и на уровне ее отдельных составляющих (ценностей и смыслов). Проблема осмысления реальности и придания смысла